


Кітапханада Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Геодезия және картография жоғары колледжінің 75 жылдығына арналған «Сіздермен бірге 75 жыл!» атты стенд безендіріліп, ұйымдастырылды.



Геодезия және картография жоғары колледжінің кітапханашысы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "Тәуелсіздіктің жетістіктері" атты көрмесін ұйымдастырды. Мақсаты: студенттердің бойында отансүйгіштік сезім ұялату, Отанының патриотты болуға, батылдыққа, азаматтыққа, адалдыққа тәрбиелеу. ҚР Тәуелсіздік кезіндегі жетістіктерімен таныстыру.

1991 жылы желтоқсанның 16-сында Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялады. Осылайша әлем картасында Тәуелсіз Қазақстан атты жаңа мемлекет пайда болды. Оның тұңғыш Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің XV пленумы қабылдаған шешім қазақ қоғамына түбегейлі өзгерістер енгізді. Н. Назарбаев қол қойған алғашқы Жарлықтарының бірі — 1991 жылғы тамыздың 29-ындағы «Семей полигонын жабу туралы» Жарлық болды. Елбасының осы тарихи шешімі, батыл қадамы бүгінде дүние жүзіне мәлім тарихи фактіге және біздің ұлттық мақтанышымыздың мәніне айналды. Барша қазақстандықтар үшін Тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айрықша. Өйткені біз Тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгендеп, тілімізді, дінімізді және ділімізді қайта оралттық. Төл теңгеміз 1993 жылдың 15 қарашасында айналымға түсті. 1993 жылғы қаңтардың 28-інде Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды. 1995 жылы 30 тамызда еліміздің жаңа Конституциясы қабылданды. Мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық салт-дәстүрімізді жандандырдық. 1998 жылы 6 мамырда Президент Ақмола қаласын Астана деп атауға Жарлық шығарды. 1998 жылы 10 маусымда жаңа Астананың ресми тұсаукесері болып өтті. Білім – кемелді келешек кепілі. Еліміздің білім беру саласы алға қарай жылдам ұмтылып келеді. Әр жыл сайын Білім және Ғылым министрлігі бұл салаға жаңадан реформалар енгізіп, соларды жүзеге асыруда. Елбасының 1993 жылғы 5 қарашада қабылдаған жарлығына сәйкес «Болашақ» халықаралық стипендиясы қабылданды. Аталған бағдарлама аясында 1993-2017 жылдар арасында 12 мыңға жуық білімгер шетелдік алдыңғы қатарлы жоғарғы оқу орындарында білімдерін шыңдады. Өз еліміздегі жоғарғы оқу орындары да үлкен қадамдармен алға басып келеді. Қазіргі таңда еліміздегі үздік университеттердің бірі – өзінің айрықша білім беру стандарттарымен ерекшеленетін, Елбасының бастамасымен 2010 жылы алғаш есігі ашылған Назарбаев Университеті. Бұл университет – Тәуелсіз Қазақстанның білім беру саласындағы жарқын жетістіктерінің бірі.



Геодезия және картография жоғары колледжінің 75 жылдығына орай кітапханада колледж түлектерімен экскурсия ұйымдастырылды.



Сұрақ – жауаптың мақсаты:

- студенттерді колледждің өткені және бүгінгісімен таныстыру;
- оқу орнының қалыптасу және даму тарихын түсіндіру,
- білім алушылардың танымдық қызығушылығын дамыту.

Кітапханада өткен « Колледж жайлы білесің бе?» атты сұрақ – жауапқа 205 топ студенттері және жетекшілері Алдабергенова И.А. қатысты.

Студенттер біздің сүйікті колледжіміздің тарихымен , оның директорларымен, меңгерушілерімен танысты. Ғимараттарының, бұрынғы студенттердің суреттерін қарап тамашалады. «Кітапхана - мәдениет білім көзі» атты кітапхана тарихы жайлы стенд , көрмедегі колледж тарихы, директорларының суреттері қойылған буклеттерді қарап, тамашалап өз әсерлері жайлы ой бөлісті. Іс-шараға Берікова Алтынай, Нұржанұлы Диас, Байтолегенова Жанар Уринбаев Қанат, Қазис Асылжан белсене қатысты, сұрақтарға жақсы жауап берді.

